

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2022 жыл 2 апта
№ «Балапан» кіші тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.10.2022ж	Сейсенбі 11.10.2022ж	Сәрсенбі 12.10.2022ж	Бейсенбі 13.10.2022ж	Жұма 14.10.2022ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоныраумен қарсы алу. Сылдырлатып қонырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру)	К/о «Жалауға қарай жүгір» Өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. (сенсорика)	К/О Еркін ойындар	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «саксы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру) Ойын «Ортамызда кім жоқ»	К/О «Жалауға қарай жүгір» Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (Құрастыру)
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығулар кешені №2 (құралмен) Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен еркін жүру. Құстарға ұқсап жүру. Шеңбер бойымен адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру, шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу, қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. «Желкенді тартамыз» Б.қ.н.т. таяқша төменде;				

	1-2-таяқшаны жоғары көтеру; 3-4-төмен түсіру; «Қайықтан суды төгеміз» Б.к.н.т. 1-2-алға еңкейіп, таяқшаны еденге жеткізу; 3-4-б.к. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету Құрастыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету Қоршаған ортамен таныстыру.	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту Сурет салу	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру.	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жанбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыру; Сурет салу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі, жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап	Музыка ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы	Дене шынықтыру Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату		Дене шынықтыру Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы

	(алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдат пай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;			басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу;
Құстардың дыбысын тыңдату. Бұл ненің дауысы? Құстарға жанашырлық білдіруді үйрету. Қысқы азығын жинауға көмектесу туралы әңгімелесу. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Бірдей құстарды топтастырып ойнату. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі.	Бір бірінің артына тұрып, құстар сияқты ұшып топ бөлмесіндесеруен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану	Балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Фланелеграфқа балапан мен торғайларды топтастырып жапсыру. (жапсыру)	Терезеге қаратып, далада жел тұрып, жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын ууу деп салуды. Саусақтарын алаканына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Дала суық болғандықтан құстар жаурайды деп қимылмен көрсетуді жетілдіру. Олардың үйлері жоқ, олар түнде қайда ұйықтайды деп балалардың пікірін тыңдау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін	Құстардың қима суреттерін құрастырып, қандай құс екенін атау. Не білетінін айтқызу. Дыбыстарын, қимылдарын салуын пысықтау. Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға үйрету (сөйлеуді дамыту) Кітаптардан құстардың суретін тамашалау. Құстар бар кітаптарды	

	неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (Сенсорика)	дағдыларын қалыптастыру. зат есімдерді сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)		сөздік қорына қосу. (Сөйлеуді дамыту) Оларға құрастыру құралдарынан үйшік жасайық деп ауызша нұсқау бойынша құстарға ұя жасауды үйрету (сенсорика)	табуын жетілдіру. (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Бесін ас	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көңілді музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау (музыка) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.. Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру.	Дамытушы орталықтарда балалардың бастамасымен құрылыс материалдарынан заттар құрастыру ойындары. Парак бетінде бейнені орналастыру әрекетін дамыту. Сазбалшық	Қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салдырту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу (сурет салу) пластмасса құрылыс	«Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту (сенсорика) Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай
Балалармен жеке жұмыс	Зерге геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Аңсарға есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.	Нұрисламға балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін) пысықтау.	Мединаға саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету.	Ерсайынға құстары бар кітаптарды табуын жетілдіру.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету, серуенге арналған құралдарды дайындау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Құстарға тән ерекшеліктерді таныстыру, дене	Қарапайым түрде бөгет жасай отырып,	«Балабақша – үйіміз» атты тақпақты қайталау. Балабақша –	Фланелеграфқа балапан мен қарлығаштарды топтастырып жапсыру.	Ірі жұмсақ құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар

	бөліктерін (тұмсығы, қанаты, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету (Қоршаған ортамен таныстыру) Құстарға жем беретін ыдыстарды, тәрелкелерді жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру (мүсіндеу)	кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру дағдыларын білімдерін қалыптастыру. (құрастыру) Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту.	үйіміз, Ағалардан сыйымыз. Серуендеп шығамыз, Таза ауаға жиі біз (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жапырақтарды теру, құмыраға салу дағдысын дамыту (сенсорика) Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары	(жапсыру)	құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету (Құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы»

МКҚК - әдіскері:

Ү.Г.Нурмухамметова

«7» «10» 2022 жыл